

Біздің жобалар

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
AP09259862 «Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі қолөнерді зерттеу: жағдайы
және сақтау жолдарын іздеу» (2021–2023 жж.)*

*Ғылыми жетекші: Шайгозова Жанерке Наурызбайқызы, педагогика
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

Реферат

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІ, МҰРАНЫ ҚОРҒАУ, МӘДЕНИ МҰРА,
ТҰРАҚТЫ ДАМУ, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ БЕРУ**

Мәдени мұраның маңызды элементтерінің бірі және халықтың тіршілігін қамтамасыз етудің маңызды құралы, өткен және қазіргі заманғы халық шығармашылығының базалық негізі болып табылатын қазіргі Қазақстанның дәстүрлі қолөнері зерттеудің нысаны болып табылады.

Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының (бұдан әрі – МеММ) негізгі құрамдас бөліктерінің бірі ретіндегі дәстүрлі қолөнердің қазіргі жағдайын олардың өміршеңдігін қамтамасыз ету, қоғамдастықтарда үздіксіз тәжірибені сақтау, тәжірибені жас ұрпаққа беру және қоғамның кең ауқымын хабардар ету бойынша кешенді шараларды әзірлеу бұл ғылыми зерттеудің мақсаты болып табылады.

ҒЗЖ орындау барысында мынадай ғылыми нәтижелер алынды: - ғылыми мақалаларды жариялау түріндегі қазақ қолөнерінің тарихи контексті және МеММ сақтау саласындағы халықаралық тәжірибе туралы талдамалық материал; - ҚР МеММ Ұлттық тізбесіне одан әрі енгізу үшін қолөнерді сәйкестендіру және құжаттау және қолөнердің әрбір түрі бойынша материалдар дайындау; - облыстық орталықтарда мәдениет және өнер саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері үшін ЮНЕСКО-ның МеММ қорғау туралы конвенциясы бойынша оқыту семинар-тренингтер өткізу; - «Қазіргі Қазақстанның қолөнері» виртуалды және баспа атласы (15,6 б.т.); - ҚР қолөнершілерінің бойынша виртуалды деректер базасы; - Қазақстан қолөнерін сақтау және жаңғырту саласындағы кешенді шаралар жөніндегі нұсқаулық (3,7 б.т.); - «Білім берудегі Қазақстанның тірі мұрасы» оқу құралы (7,5 б.т.); - «Қазақтың қолөнері: тарихы мен даму болашағы» ғылыми еңбектер жинағы (15 б.т.); - «Қазіргі Қазақстанның қолөнері» ғылыми-көпшілік фильмі. Жүзеге асыру дәрежесі: зерттеу нәтижелері басылымдар және мақалаларда көрініс тапты. 2021-2023 жылдардағы барлық жарияланымдар – 18. Оның ішінде 14 мақала, көлемі – 12 б.т., 5 – МеММ сарапшыларының тренингіне қатысу, 4 – ЮНЕСКО-ның МеММ қорғау туралы Конвенциясы бойынша семинар-тренинг ұйымдастыру, 3 – конференция, 2 – авторлық құқықты тіркеу туралы куәлік.

Қолдану саласы: бейіні бойынша ғылыми ұйымдар, республикалық және жергілікті атқарушы органдардың мәдениет және өнер салалары

бөлімдері, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы
жанындағы МеММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитет, білім беру саласы